# Сабақ тақырыбы:

# Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш

# С ә т т і л і к



## II.Үй тапсырмасы

# III. “Сауал бізден, жауап сізден”



1. Сөйлем дегеніміз не?
2. Сөйлем мүшелері дегеніміз не?

3. Сөйлем мүшелері құрамына қарай нешеге бөлінеді?

4.Дара, күрделі, үйірлі мүше дегеніміз не?

5. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүше дегеніміз не?

# IV.Бастауыш құрамына қарай

**ДАРА**

***Тіл*-буынсыз, *ой*-түпсіз.**

***Оқу, білім үйренген адам түрлі өнерді білетіні рас. (Шәкәрім)***

**КҮРДЕЛІ**

***Туған жерім* – Қарасаз, Кіндігімді кескен жер...**

***Күле беру* – адамға жараспайтын оғаш қылық.**

***Аяқтан шалу* ер жігітке жараспас.**

**Үйірлі мүше**

***Жұмысы жоқтық* аздырар адам баласын.**

***Асық ойнаған* азар,**

***Оқу оқыған* озар.**

# Бастауыш болатын сөз таптары

1. ЗАТ ЕСІМ. **Ер Қозы** жырлайды екен жалғыз жүріп.
2. СЫН ЕСІМ. **Жақсы** жалған айтпайды. Бұл тойға **үлкен** де, **кіші** де келген. **Жамандар** қыла алмай жүр адал еңбек.
3. САН ЕСІМ. Бәйгені **бесінші** алды. **Алтау** ала болса, ауыздағы кете
4. ЕСІМДІК. **Мен**-балаң жарық күннен сәуле қуған. **Бұл** – жанның тамағы еді. **Бәрі** Есжанның қарамағындағы аттар еді.
5. ЕСІМШЕ. **Көрмес** - түйені де көрмес. **Жығылған** күреске тоймас.
6. ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК. **Жаудан күту** жақсылық – зарыққанның салдары. **Үйрену** - күн сайын жүзеге асуы керек.
7. ҮСТЕУ – Еріншектің **ертеңі** бітпес. **Ертең** бүгіннен ашық болады.
8. ОДАҒАЙ. **“Әйт-шу”** деген түйеге демеу. Жұманның “**оһы-үкісі**”-ақ мезі қып бітті.

# V.“Ой жинақта талдаумен”

1. Оқулықпен жұмыс.

36-жаттығу.

**Жиырма бес маған қайтып келсе ғой. Сыпайы сырын сақтар. Оқу инемен құдық қазғандай. Іздеген жетер мұратына. Жол қуған кәдеге жолығады, сөз қуған бәлеге жолығады. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады. Түлкі-қарсақтың іні бір. Төрт-екіге бөлінеді.**

# Бүгінгі сабақта нені білдік?

# Үй тапсырмасы

Көркем әдебиеттен мысал жазу.